Балалардың үйге қайтуы	<i>Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.</i>	<i>Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.</i>	<i>Ата-аналараға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.</i>	<i>Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.</i>	<i>Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу.</i>

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы (балабақша/шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Топ: Ортаңғы «Айгөлек» Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 08.04 – 12.04.2024ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау, дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	Картотека № 18 Дид ойын: «Қайсысы қайда тіршілік етеді?» Мақсаты: суреттерден көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретінін біледі.	Картотека № 21 Дид ойын: «Балық аулау» Мақсаты: сұрақтарға жауап бергізе отырып, логикалық қабілетін дамиды.	Картотека № 20 Дид ойын: «Орнын тап» Мақсаты: балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқып суреттен таба біледі.	Картотека № 17 Дид ойын: «Жеке атауын ата» Мақсаты: көкіністердің аттарын жеке – жеке атап, түстерін, пішіндерін ажырата біледі.	Картотека № 15 Дид ойын: «Құстарға көмектесеміз?» Мақсаты: Балалар құстар туралы түсініп, өз ойын айта алады.
	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан				
Таңертенгі жаттығу	Сәуір айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау				
Таңғы ас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке	Мына аспан астында Жақсы дос көп табылар Мен де соның бірімін, Сыйлығымды ал!	Ашық менің жүрегім Ылғи күліп жүремін. Бірге ойнап бір жүрер Достарым көп, білемін!	Сиқырлы айнадан Өзімді көрермін. Бақыттан жайнаған. Көзімді көремін.	Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгеленген шеңберді.	Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз.

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.	Дене шынықтыру Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша Баяғы заманда адамдар жер бетін төрт бұрышты деп ойлаған. Көп адамдар жердің шетін тауып сол жерге барып жердің шетінде не бар екенін көргісі келген. Атпен немесе жаяу жолға шығып көп жер жүріп, суға тірелген. Кейбіреулер кемеге мініп ары қарай жүрген. Соңында қайта айналып өзінің шыққан жеріне келіп, адамдар жердің шар тәрізді екенін білген. Содан соң олар ғарыш әлемін зерттей бастаған деп ғарыш әлемінің макетін көрсетіп не білетіндерін сұрау, әңгімелету. Осы ғарышқа немен барамыз? Ғарыш кемесін кім басқарады? Ғарышкерлер қандай болады? Әңгімелету. (көркем әдебиет)	Дене шынықтыру Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша Балаларды кітап орталығына шақырып, ғарышкерлердің суреттері бар кітапты қарап шығуын ұйымдастыру. Ғарышкерлердің есімдерін атау. Тоқтар Әубәкіровтың үлкендеу суретін көрсетіп, ғарышкер туралы айтып таныстыру. Сосын балаларды орталықтарға бөлу (көркем әдебиет) Зымыранның суретін бояту. Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін дұрыс (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды дамыту. (сурет салу) екінші орталықта балалар ғарыш кемесінің неше бөліктен тұратынын анықтап, табиғи қалдық заттардан ермексаздан	Музыка Музыка жетекшісінің жоспары бойынша Қазақ тілі Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, такпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту:баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айтуды менгерту. Ғарышкер ұшты ғарышқа. Ғарышқа ұшты ғарышкер. Айтшы, ғарыш алыс па? (сөйлеуді дамыту) Алғашқы Қазақстандық ғарышкер кім еді? Ал әлем бойынша ғарышқа алғаш ұшқан кім екенін білесіңдер ме? Ғарышқа бірінші болып ұшқан орыс ғарышкер иттері Белка мен Стрелка болды. Ғарышқа ұшқан және Жерге аман-есен оралған алғашқы	Дене шынықтыру Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша Балалардан сұрау қалай ойлайсыңдар, қыздар ғарышкер бола ала ма? Әлемдегі алғашқы әйел ғарышкер-Валентина Владимировна Терешкова. Балалар ғарыш әлемінде адамдар тамақ ішеді ма? Қалай тамақтанады? Қандай тамақтарды ғарышқа алып баруға болады?суреттер қарап әңгіме құрастыру (көркем әдебиет) Әр түрлі азық түлік заттардан жиын жасату, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуін дамыту. (математика негіздері)	Музыка Музыка жетекшісінің жоспары бойынша Ләпбуктан ғарыш туралы көрсету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: бейтаныс заттар, құбылыстар туралы ақпаратты талқылауға баулу. (сөйлеуді дамыту) Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. Карточкаларға сәйкес фигураларды қойып шығуды ұйымдастыру. (математика негіздері)
---	--	---	---	--	--

	Ғарышкерлер туралы фильм көрсету, оның көрікті жерлері, қала өмірінің ерекшеліктері туралы айту. Ғарышкерлер қаласы екенін түсіндіру. (қоршаған ортамен танысу) Балаларға ғарыш кемесін құрастыру құралдарынан құрастыруды және Байқоңыр қаласының суретін салуды ұсыну. Балаларды орталықтарға бөліп жұмыс жасату. (құрастыру және сурет салу)	құрастырғызу. (Мүсіндеу)	жануарлар. Олардың ұшуы 25 сағаттан астам уақытқа созылды, осы уақыт ішінде Кеме жерді 17 рет айналып өтті. Аспандағы жұлдыздар үлкен және кішкентай болатынын көріп келіпті. Біздің ғажайып сандықтан көптеген жұлдыздар шығады оларды салыстырып ойнайық. Карточалармен жұмыс. Жұлдыздарды сәйкестендіру. (математика негіздері)		
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Картотека № 4 Аспанды бақылау	Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау	Картотека №14 Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.	Картотека №15 Бақбақтың өсуін бақылау	Картотека №16 Бұталарды бақылау.
	Көктем серуен картотекасынан				
Серуеннен оралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау				
Күндізгі ұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру – шаралары.	№ 3 «Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз –«қолды жуамыз». - «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз. «Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз, - «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз. - «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз. - «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау. - «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.	№4. Бір – көтер кәне қолыңды Екі – төмен ұста қолыңды Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды Бес дегенде секір көрсет бойыңды. Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.	№5. "Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту. 3. "Құстар көңілденіп жатыр" –қолды шапалақтау	№6. арқамен жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. - арқамен жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. - арқамен жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау	№7. «Күннің оянуы» - «Міне күн де оянады»-балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде. - Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді. - Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады. басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді. «Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады.
Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан					
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап тарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Ғарышкер мен оның командасын не істейді суреттерге қарап әңгімелету. Зымыран, ғарышкер, аспан, ай жұлдызды танып атауын ұйымдастыру. Дидактикалық ойын «Сәйкесін тап» (сөйлеуді дамыту) Ғарыш кемесін ұлттық нақышта сәндеп көруді және ермексازдан	Балаларға ғарышкер болуды ұсыну. Біз алыс планеталарға ұшу үшін ғарыш кемесіне барамыз. Ғарышкерлер ұшар алдында ұзақ уақыт бойы жерде жаттығады, әртүрлі сынақтардан өтеді. Қалай шынығу керектігін айтып, балалардың ұсынысы бойынша жаттығулар жасату. Тапсырманы орындап болған соң өз	Балалар бүгін космонавттар күні. Бұл күні ғарышқа алғаш Юрий Алексеевич Гагарин атты адам ұшқан. Оған батыр атағы берілген. Арнайы үлкен қорабтардан жасалған зымран ішіне кіріп ойнауын ұйымдастыру, дербес шығармашылық әрекеттеріне жағдай жасау.	«Мен ғарышкер боламын» <i>Ж. Смақов</i> <i>Жаттауын жаттау.</i> Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын... Мен ғарышкер боламын. (көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту) Баларады орталықтарға бөлу. Композицияны	Апта бойы жасаған жұмыстарды қорытындылау. Өздеріне ұнаған жұмысты қайталап жасауға болатынын айтып, балаларды орталықтарға бөлу. сурет салу жапсыру немесе мүсіндеуді, Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату

	Ғарышкердің бас киімін жасап көруді ұсыну. Балаларды екі орталыққа қалаулары бойынша бөлу. Бір орталықта ермексайдан бас киім жасату (мүсіндеу) Екінші орталықта элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, ғарыш кемесін безендіру (жапсыру) Ортаға жиналып көңілді ән ортындап, би билету. (музыка)	қалаулары бойынша ғарыш кемесін жасап, ұшу. Ғарышкер болып ойнау. (сөйлеуді дамыту және дене шынықтыру)	(мүсіндеу, жапсыру)	кұрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. (жапсыру)	(музыка)
Балалармен Жеке жұмыс	Қуандық Айлин алақанға салып тік және дөңгелетіп есе үйрету; -ересектер дайындаған түрлі пішінді қағаз бетіне заттарды орналастыруға үйрету	Еңбекқали Диас балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажыратқызу және үйрету	Ерғали Аиша қазақ оюының бөліктері туралы ұғымдарға ие	Даулет Раяна адамның пішінін (дене бөліктерін: бас, кеуде, қолдары, аяқтары) мүсіндеп үйрету	Ерік Дара дөңгелек пішіндерді қиып үйрету; -музыканың ырғағын дәл бергізіп үйрету
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				

Серуен	Картотека № 4 Аспанды бақылау	Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау	Картотека №14 Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.	Картотека №15 Бақбақтың өсуін бақылау	Картотека №16 Бұталарды бақылау.
	Таңғы серуенді бекіту.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.	Ата-аналараға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.	Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.	Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы (балабақша/шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Топ: Ортаңғы «Айгөлек» Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 15.04 – 19.04.2024ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	Картотека № 1 Дид ойын: «Көкөніс пен жемісті ажырат» Мақсаты: табиғат құбылыстарымен байланыстыра отырып, жемістердің өсуін, пісіп жетілуімен танысады.	Картотека № 5 Дид ойын: «Телефон» Мақсаты: естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізе отырып, диалогты сөйлеуді үйренеді.	Картотека №9 Дид ойын: «Бақша да ма, бау да ма?» Ойынның мақсаты: Жемістер мен көкөністер айырмашылықтарын түсініп, айта алады.	Картотека №10 Дид ойын: Танып ал да, атын ата Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.	Картотека №11 Дид ойын: «Затты сипаттау» Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалар қоршаған орта жайлы түсіне біледі.
	коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан				
Таңертенгі жаттығу	Сәуір айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау				
Таңғыас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Бала, бала, балақай, Қол соғайық алақай, Бір, екі, үш деп атайық, Саусақтарды тартайық Жалқау бала болмайық,	Ашық менің жүрегім Ылғи күліп жүремін. Бірге ойнап бір жүрер Достарым көп, білемін!	Достар, бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер!	Қуанамыз күлеміз, Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз	Жабырқауды білмейміз Жалқаулықты сүйемейміз Біз талантты жас ұлан, Үлгі аламыз жақсыдан

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша Көктемнің екінші айы сәуір екенін. «Сәуір болмай тәуір болмайды» деген мақалдың мағынасын түсіндіру. Табиғаттағы өзгерістер. Қызғалдақ, бәйшешек, наркес гүлдері туралы ақпарат беру. Топтағы гүлдерге күтім жасау туралы ақпарат алып, топтағы гүлдерге күтім жасату. (сөйлеуді дамыту) Балаларды екі гүлге сәйкес топтарға бөлу. Ал екінші орталық гүлдер бағын құрастырады. Бірінші топ гүлдерді қағаздан жасату. (құрастыру, жапсыру)	Дене шынықтыру Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша Ғажайып қорапшадан қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлері шығарылады. Балалар оларды атайды, содан соң санап салыстырады. Қандай қызмет атқаратынын, қандай дыбыс шығаратынын айтып беруді үйрету. Әшекей заттардан гүлдердің бейнесін табу. Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрету (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) Дайын әшекей бейнелеріне гүлдерді салдыру, бояту (сурет салу)	Музыка Музыка жетекшісінің жоспары бойынша Қазақ тілі Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануды пысықтау. Топтағы күн тәртібі бейнеленген тақтаға назарларын аудару. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды қалыптастыру: күндіз-түнде, таңертең-кешке. Жеке қима суреттер арқылы анықтату. (математика негіздері) «Қара жорға» әнін айтқызу, би қимылдарын қамшым ен жасату. (музыка)	Дене шынықтыру Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша Таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. (сөйлеуді дамыту) Құмда сурет салу. (сурет салу)	Музыка Музыка жетекшісінің жоспары бойынша Қайырлы таң, балалар! Арайланып таң атты, Алтын шапақ таратты, Қайырлы таң, балалар! Тақпағын жаттату Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды және зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануды үйрету. Жеке балалармен үстелде ойыншықтарды ойнату (сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Серуен № 7 Ауа райына бақылау жасау	Серуен № 9 Күннің көзін бақылау.	Серуен № 11 Құстарды бақылау.	Серуен № 4 Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау	Серуен № 17 Ауа райын бақылау.

	Серуен картотекасынан				
Серуеннен оралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау				
Күндізгі ұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
Біртінд еп ұйқыда нояту, сауықт ырушар алары	Жаттығу кешені № 16 Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық.	Жаттығу кешені № 17 Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	Жаттығу кешені № 18 Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарайық Төсектен біз тарайық	Жаттығу кешені № 19 Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық	Жаттығу кешені №20 Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды ашайық
	Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан				
Бесінас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүс ті ойындары, Бейнелеу әрекеті,кітапта рқарау және тағы басқа әрекеттер)	Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуға жағдай жасау Ермексиздан қызғалдақ жасату. (мүсіндеу) Балалар ұнататын әндерін қайталап айтқызып, би билету (музыка)	Балаларға әдебиет орталығында «Жалқау қыз» ертегісін оқып беру. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің	Балаларды орталықтарға бөлу. Ер балаларға дәндерді жапсырып құмыраны сәндету (мүсіндеу) Қыз балаларға кілемшені «қызғалдақ» оюларымен безендіруді үйрету. элементтердің орналасу ретін, олардың	Балбақша құрастыру. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденеңнен орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі	«Гүлдер саябағы» Құрылыс материалдарынан құрастыру ойындары. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарату, ойнап болған соң оларды жинату және орнына қойғызу, құрастыру барысында

		эмоционалды образын беруге баулу (көркем әдебиет) Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндету, оларды таяқшамен безендіруді. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. (мүсіндеу)	арасындағы қашықтықты сақтауды қалыптастыру. (сурет салу) «Жалқау қыз» ертегісін сахналау. (көркем әдебиет)	бойынша, ойдан құрастыру дағдыларын пысықтау. (құрастыру) Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып беру. Әдебиет кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан салыстырып бағалату (көркем әдебиет)	қауіпсіздік ережелерін сақтауды менгерту. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. (құрастыру) Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдануды пысықтау. Кескішті қолдануды үйрету қызғалдақ гүлін мүсіндеуін ұйымдастыру. (мүсіндеу)
Балалармен жеке жұмыс	Сакен Айеркем тірі және өлі табиғат туралы білімдерін қалыптастыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету	Назарбек Мариям отбасылық суреттерді қарауға және отбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін атауға үйрету	Асанбек Нурислам өзінің отбасы, отбасылық қарым – қатынас туралы әңгімелеп беру дағдыларын қалыптастыру	Бақытқали Бақыткелді отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атайды, отбасы мүшелері туралы әңгімелейді, оларға өзінің қарым-қатынасын білдіреді	Қанатбек Аяла мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауда дербестік танытып үйрету
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	Серуен № 7 Ауа райына бақылау жасау	Серуен № 9 Күннің көзін бақылау.	Серуен № 11 Құстарды бақылау.	Серуен № 4 Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау	Серуен № 17 Ауа райын бақылау.

	Таңғы серуенді бекіту.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата аналармен балалардың төлем ақысы туралы, балалардың тазалығы туралы, балалардың тәртібі туралы жеке әңгімелесу.	Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін есеру және кеңес беру. Балалардың үйге қайтуы.	Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Балалардың тәртібі жайлы әңгімелеу. Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айтуБалалардың үйге қайтуы.. Балалардың сұранып үйге қайтуы	Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.	Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы (балабақша/шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Топ: _Ортаңғы «Айгөлек» Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 22.04 – 26.04.2024ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекетте р	Картотека № 18 Дид ойын: «Қайсысы қайда тіршілік етеді?» Мақсаты: суреттерден көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретінін біледі.	Картотека № 21 Дид ойын: «Балық аулау» Мақсаты: сұрақтарға жауап бергізе отырып, логикалық қабілетін дамиды.	Картотека № 20 Дид ойын: «Орнын тап» Мақсаты: балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқып суреттен таба біледі.	Картотека № 17 Дид ойын: «Жеке атауын ата» Мақсаты: көкіністердің аттарын жеке – жеке атап, түстерін, пішіндерін ажырата біледі.	Картотека № 15 Дид ойын: «Құстарға көмектесеміз?» Мақсаты: Балалар құстар туралы түсініп, өз ойын айта алады.
	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан				
Таңертенгі жа ттығу	Сәуір айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау				
Таңғыас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Мына аспан астында Жақсы дос көп табылар Мен де соның бірімін, Сыйлығымды ал!	Ашық менің жүрегім Ылғи күліп жүремін. Бірге ойнап бір жүрер Достарым көп, білемін!	Сиқырлы айнадан Өзімді көрермін. Бақыттан жайнаған. Көзімді көремін.	Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгеленген шеңберді.	Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.	Дене шынықтыру Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша Көктемде балалар, айнала құлпыра түседі, құстар ән салады, ағаштар гүлдейді, табиғат оянып, гүлдер өседі. Күн жылынып, адамдар жеңіл киімдер киеді. - Ал шөптің арасында нелер пайда болады? - Гүлдерге нелер қонады? - Ал олардың бәрін бір сөзбен қалай атаймыз?Өр жәндікпен жеке таныстыру. Қоршаған ортамен танысу Мынау не? - Жәндіктердің аяғы нешеу? 4, 2, 6 - Олар иісті сезе ме? - Ұша алатын (секіретін, жорғалайтын) жәндіктерді атаңдар.	Дене шынықтыру Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша Ара туралы видео көрсету, таныстыру. Қоршаған ортамен танысу Беренені аралар Әрбір үйде ара бар. Ағаш кессең, балалар, Тістеріне қарап ал, Ара кетік болмасын, Ақ бөпелер тоңбасын. Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтай білуге үйрету. Көркем әдебиет Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Сөйлеуді дамыту	Музыка Музыка жетекшісінің жоспары бойынша Қазақ тілі Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша өздігінен қайталап айтуға баулу. Балалар, бүгін біз құмырсқа туралы әңгімелесеміз. Құмырсқаның суретін «сиқырлы экранның» ортаңғы әйнегіне қойып, сұрақтар қою:- Құмырсқа тірі табиғаттың қай жүйесіне жатады- Құмырсқа қандай? Денесі қандай? Түсі ше? Аяқтары неше?Мұртшалары бар ма? Қоршаған ортамен танысу Илеу – құмырсқаның жерде жасаған үйі –	Дене шынықтыру Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша Көбелек-ау, көбелек,Әдемісін керемет!Гүлге келіп қрна ғой,Өзің де гүл бола ғой. Көркем әдебиет Көбелектің түсіп қалған қанатын тауып, құрастыру. Бүгін осы көбелектер туралы көп нәрсе үйренеміз. 1. Олар көрмейді және естімейді 2. Тек жылы мезгілде ғана тіршілік етеді. 3. Олар қуыршақтан пайда болады. 4. 4 қанаты бар, өте нәзік, гүлмен қоректенеді. 5. Қыста ұйықтап жатады. Құрастыру, қоршаған ортамен танысу	Музыка Музыка жетекшісінің жоспары бойынша Ұзын құйрық инелік Инелікке тимелік Верталетты жасады Инеліктен үйреніп Көркем әдебиет Инеліктің суретін көрсету арқылы дене мүшелерін және көбейу жолдарын түсіндіру. Қоршаған ортамен танысу Ермексаздан инелік жасау, геометриялық пішіндерді тану және атау, пішіндерді зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру. Математика негіздері, сөйлеуді дамыту, мүсіндеу тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең,

- Ең мазасыз жәндікті кім біледі? Ызындап ән салады Жұп – жұқа қанаты Тәттіге тамсанып Қоқысқа қонады Ол не? - Қалай ойлайсыңдар, ара пайдалы жәндік пе, әлде зиянды жәндік пе? Гүлдерге қонады Шырынын сорады Түр – түсі сары – ала Бұл не? - Қандай жәндікті еңбекқор деп айтуға болады? Қылдай белі бүгілген Өзінен де жүгі үлкен. Ол не? Құмырсқаның үйі неге «илеу» деп аталатынын түсіндіреді. Біреуі илеу салады, бірі илеуге кіріп – шығатын жол салады, азық тасиды - Қалай ойлайсыңдар, құмырсқалар жалғыз тұра ма, әлде топтанып па? - Құмырсқа қысқа азық жинай ма? - Құмырсқаның илеуін бақылап, жауынның жауатынын қалай білуге	Араны пішіндерден жасау, геометриялық пішіндерді тану және атау, пішіндерді зерттеу дағдыларын қалыптастыру.Математика негіздері	балаларға түсіндіру.- Сонда олар илеуінен шығып, не істеп жүреді жаз бойы?- Құмырсқалар немен қоректенеді?- Құмырсқалар адамға зиян келтіре ме?- Олардың илеуін бұзуға болады ма?- Қандай тағы да жәндіктерді білесіңдер?Сөйлеуді дамыту Кіп – кішкентай құмырсқаБейім барлық жұмысқа Еңбекшіл, жоқ зияны,Қиянат етпе сен босқа Көркем әдебиет қағаздың мүмкіндіктері туралы түсініктерді жетілдіру,жапсыру Уақытты бағдарлау. тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн Математика негіздері	Көбелекті ермексаздан жасау.Мүсіндеу Бұл көбелек. Бала схема арқылы айтып береді. Балалар бейнетаспа бойынша әңгімелеп береді. «Көбелектер жазық далада, гүлден гүлге қонып, өсімдіктердің жапырақтарына жұмыртқалайды. Жұмыртқалары жұлдызқұртқа айналады. Олар жұпты аяқтарымен қозғалады.Сөйлеуді дамыту	күндіз, кеш, түн Математика негіздері
--	--	--	--	---

	болады? (илеуге кіретін тесікті бекітіп тастайды) Қалай ойлайсыңдар, жәндіктер не үшін керек?Сөйлеуді дамыту Қоңызды геометриялық пішіндерден жасау, геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) және геометриялық денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету Математика негіздері				
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Серуен № 9 Күннің көзін бақылау.	Картотека №16 Бұталарды бақылау.	Картотека №18 Құстардың ұшып келуін бақылау	Картотека №19 Қараторғайларды бақылау.	Картотека №20 Ұяларды бақылау.
	Көктем серуен картотекасынан				
Серуенненор алу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінуді талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскіас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.				

Біртіндеп ұйқыдан оятты, сауықтыру – шаралары.	№4 Майтабанның алдын алу. Тырысамыз, тырысамыз Денсаулықты нығайтамыз Аяқ, қол мықты болып Май табаннан арыламыз. Арнай жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру.	№ 5 Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. Ояту Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақ ұрайық Орнымыздан тұрайық.	№ 6 Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Тыныс алу жаттығулары Ұзын құлақ сұр қоян Ести қалып сыбырды Өсіп тұрған сәбізді Жұлып алып иіскеді.	№7 Майтабанның алдын алу. Ояту Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Терезеге қарап Күн жылуын алайық.	№10 Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Мысықтар Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарап Достарымызға күлеміз.
	Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан				
Бесінас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап тарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Қоңыздың суретін табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан жасау, Құрастыру заттардың үлгі бойынша олардың өзіне тән ерекшеліктерін: пішінін, пропорциясын және заттар мен олардың бөліктерінің орналасуын ескере отырып сурет салуға үйрету; Мүсіндеудің таныс тәсілдерін пайдалана отырып, сазбалшықтан, қамырдан, ермексаздан мүсіндеу, Ұжымдық	Ермексаздан ара жасау. Мүсіндеу қағаздың мүмкіндіктері туралы түсініктерді жетілдіру: жыртылады, мыжылады, оңай мыжылады. Жапсыру қағаздан құрастыру. Қағаз беттерін көлемді пішіндерге өзгертуге үйрету. Құрастыру Араның суретін салу. Сурет салу	құмырсақынң суретін бояу. заттардың үлгі бойынша олардың өзіне тән ерекшеліктерін: пішінін, пропорциясын және заттар мен олардың бөліктерінің орналасуын ескере отырып сурет салуға үйрету; Сурет салу Ермексаздан құмырсқа жасау. Мүсіндеу	балаларды қағаздың мүмкіндіктері туралы түсініктерді жетілдіру: жыртылады, мыжылады, оңай мыжылады. Жапсыру. құрасытру көбелектің суретін салу, бояу. Сурет салу	қағаздың мүмкіндіктері туралы түсініктерді жетілдіру: жыртылады, мыжылады, оңай мыжылады. Жапсыру. құрасытру

	сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Жапсыру, сурет салу, мүсіндеу				
Балалармен Жеке жұмыс	Еңбекқали Диас салыстыру нәтижесін сөзбен жеткізу ; түсініктерін үйрету	Базарбай Арыстан құрылыс материалдарының бөліктерін біледі және атауға, оларды түрлі тәсілдермен орналастыруға дағдыландыру	Гришко Данис туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы мәлімет беру	Қуандық Айлин табиғаттағы маусымдық өзгерістердің қарапайым байланыстарын орнатуды үйрету	Қалыбек Әдеміай сурет салу кезінде қарындашты, фломастерді, қылқаламды қолында еркін ұстап үйрету
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	Серуен № 9 Күннің көзін бақылау.	Картотека №16 Бұталарды бақылау.	Картотека №18 Құстардың ұшып келуін бақылау	Картотека №19 Қараторғайларды бақылау.	Картотека №20 Ұяларды бақылау.
	Таңғы серуенді бекіту.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.	Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.	Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.	Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы (балабақша/шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Топ: Ортаңғы «Айгөлек» Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 06.05 – 10.05.2024ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі-06.05			Жұма-10.05
Балаларды қабылдау	Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау.			
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен амандасу. Баланың денсаулығы, көңіл- күйі туралы білу. Отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	Картотека № 3 Дид ойын: «Суретші қай жерде қателесті?» Мақсаты: Балалар суреттегі сәйкессіздікті таба алады.			Картотека №4 Дид ойын: «Экологиялық бағдарламашам» Мақсаты: Балаларды табиғат сұлулығын көріп, оны қорғай білу туралы түсінеді
Таңертенгі жаттығу	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан Мамыр айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау			
Таңғы ас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз! Күлімдеген күндейміз! Еш уайымды білмейміз.			Шымыр, сергек денеміз, Спорт сүйер өренбіз! Біз биіктен самғаймыз, Қарсыластан қалмаймыз.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған	Дене шынықтыру Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша			Музыка Музыка жетекшісінің жоспары бойынша

іс-әрекет.	-Ал балалар көктемнің қай айы? Мамыр айының 7 жұлдызы күні отан қорғаушылар күні деп жарялады. Тәуелсіз Қазақстанның әскері жаңарып. Қарулы күштер жаңарып жатты.Дәстүр бойынша осы мереке күні президентіміз әскери қызметте көзге түскен немесе ерлік жасаған Қазақстан қарулы күштер қызметтерін марапаттайды.Себебі Отан қорғаушылар күні-түні еліміздің тыныштығы үшін қызмет етеді.Олар еліміздің тыныш, бибітшілік өмір сүруіне мол үлестерін қосуда Қоршаған ортамен танысу Отан сенің ата-анаң Отан сенің бауырың Отан өлкең астанаң Отан аудан, ауылым. Демекші,біз сүюіміз оны қадірлеп қастерлеуіміз керек, балалар. Көркем әдебиет			Туды салыстыру,ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша бірдей екі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыру Математика негіздері Жеңіс күні құтты болсын, Құтты болсын аталар. Ұмытпайды ешқашанда Жауынгерді балалар. Көркем әдебиет -Балалар жер шары балаларының тілегі не? Дұрыс айтасындар, балалар барлық жер шарындағы балалардың тілегі осындай екен, ендеше балалардың тілегіне «Отан» өлеңін айтайық. – -Бейбітшілік болсын! -Соғыс болмасын! -Достық болсын! Балалар өлең жолдарын айтады.Сөйлеуді дамыту
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.			
Серуен	Картотека №8 Көктемгі ауа райын бақылау			Картотека №19 Бұталарды бақылау.

	Көктем серуен картотекасынан			
Серуеннен оралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.			
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау			
Күндізгі ұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.			
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру – шаралары.	№9 Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық			№20 Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап, Бір демалып алайық.
	Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан			
Бесінас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап тарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша бірдей екі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыру Математика негіздері құрылыс материалдарынан құрастыру бормен асфальтқа, таяқпен құмға сурет салу, жолақта және бұрыштарға қазақ ою-өрнектерінің қос элементін салу. қамырдан мүсіндеуге қызығушылық таныту, үйрету Сюжеттік жапсыру. Балаларды жалпы композиция құрастыруға үйрету. Құрастыру, мүсіндеу, сурет салу, жапсыру			Ұлттық ыдыстарды көлеңкесімен сәйкестендіру атын атау. Сөйлеуді дамыту Ұлттық киімдер пазлы. Құрастыру әрекеті Тақияны әшекелейміз. Мүсіндеу әрекеті Домбыра ойыны Домбыранын қандай аспап екенін айту және жабыстыру. Жапсыру әрекеті Нүктелі сурет салу әдісімен кесенің суретін салу. Дәстүрден тыс сурет салу

Балалармен Жеке жұмыс	"Менің отбасым" Мақсаты: баланың сөздік қорын туысқандарының атауларын білдіретін сөздермен байыту. Әбдіжанат Балауса		.	«Соқыр теке». .М/ы.Балаларды ұйымшылдыққа тапқырлыққа үйрету Агамбаев Султан
Серуенгедайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау			
Серуен	Картотека №8 Көктемгі ауа райын бақылау			Картотека №19 Бұталарды бақылау.
	Таңғы серуенді бекіту.			
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.			Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы (балабақша/шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Топ: _Ортаңғы «Айгөлек» Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 29.04 – 04.05.2024ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі-29.04	Сейсенбі-30.04	Бейсенбі-02.05	Жұма-03.05	Сенбі-04.05
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру				
